"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN
Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

09-15/1986 18.04.2018

«СтройИнжиниринг «Атамекен» ЖШС-нің директоры Т.И.Барокбаевқа

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(әрі қарай – Департамент)* тарапынан "Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесімен *(әрі қарай – Мекеме)* өткізілген №2160000-1 «ОҚО Шымкент қаласы Қаратау ауданы «Мейір» ардагерлер үйі»КММ ғимаратын күрделі жөндеу», ашық конкурсына Заңнамаларының талаптарына сәйкес келуіне камералдық бақылау жұмыстары жүргізілді. Сіздің, Департаментке 06.04.2018 жылы №3Т-Б-602 тіркелген 05.04.2018 жылғы №11 өтінішіңізде көрсетілген уәждеріңіз өз дәлелін таппады.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» *(ары қарай – Қағидалар)* Қағиданың 85-1 тарамағында Жобалау-сметалық құжаттамада құрылыс машиналарының, механизмдердің, автокөлік құралдарының негізгі түрлері мен еңбек ресурстарына қажеттілікті қамтитын (құрылысты ұйымдастыру жобасы) тиісті бөлім болмаған жағдайда жобалау-сметалық құжаттаманың негізінде осындай қажеттілікті көрсететін құрылыс машиналарының, механизмдердің, автокөлік құралдарының негізгі түрлері мен еңбек ресурстарының тізбесі әзірленеді және жобалаушымен келісіледі делінген. Осыған орай, ұйымдастырушы тарапынан осы конкурс бойынша конкурстық құжыттаманың 2-қосымшасына бас жобалаушы «Арх Строй сервис-А» ЖШС-мен автокөлік құралдарының негізгі түрлері мен еңбек ресурстарына қажеттілікті қамтитын бекітілген тізімін қалыптастырған.

Осы бас жобалаушымен бекітілген тізімде «Катки дорожные самоходные гладкие, 5 тонн» және «Котлы битумные передвижные, 400 л» техникалары талап етілген.

Сіздің, осы конкурсқа өтінген өтімізде біліктілік туралы мәліметіңізде «Котлы битумные передвижные» техникасы көрсетіліп, растайтын құжаттары ұсынылмағаны анықталды. Сонымен қатар, конкурстық құжаттамада талап етілген «Катки дорожные самоходные гладкие» техникасының орнына Сіз, «Каток дорожный прицепной кулачковый МС-70» техникасын ұсынғаныңыз анықталды. Қағидалардың 5-қосымшасының ескертпесінде конкурстық

құжаттамада көзделген құрылыс машиналарының, механизмдердің және автокөлік құралдарының және әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімінде ұсынылған құрылыс машиналарының, механизмдердің және автокөлік құралдарының бір-бірін ауыстыруы жобалаушымен келісіледі делінген. Яғни, Сіз, ұсынған авто-техникалардың бір-бірін ауыстыруы туралы жобалаушымен келісілген хатын ұсынбағансыз.

Осыған орай, конкурс комиссия тарапынан Серіктестікті конкурстан шеттету шешімі Заңнама талаптарына қайшы келмейді.

Департамент жауабына келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтарындағы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңның 12 және 14 баптарына сәйкес жоғары тұрған органға немесе сотқа шағымдануға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Департамент басшысының орынбасары **К.Сапарбеков**

Орын: О.Ажибеков
тел 35-00-35 (ішкі: 116, 117)